



КМФ-ДЕМЕУ

FINBOSS



Балаларға ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ

БАЛАЛАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫ:

ақшаны қалай ұстай білу қажет?




Өмірдегі көптеген ғылыми зерттеулер мен мысалдар көрсеткендей, кім бала кезінен ақшаны неғұрлым дұрыс ұстай білсе, ересек өмірінде де соғұрлым қаржылық әл-ауқатқа қол жеткізуі мүмкін. «Дұрыс ұстай білу» дегенді қалай түсінеміз? Бұл іс жүзінде осы мақалада айтылатын бірнеше маңызды ұстанымдарды орындауды білдіреді.

Ақшаның қысқаша тарихы

Алдымен, ақшаның қалай пайда болғанын еске түсірейік. Адамзат тіршілік ете бастаған ежелгі заманда ақша түсінігі қазіргідей емес, басқаша болды. Мысалы, ежелгі тайпалар айырбастау үшін өздерінің өндірген нәрсесін пайдаланды: малды, балықты, әшекейлерді нанға, етке, матаға айырбастады. Мексикада ақша ретінде какаобұршақтарын, Тынық мұхиты аралдарында – інжу-моншақ пен ұлу қабыршағын, Аляска мен Канадада – бағалы аң терісін пайдаланды. Ежелгі Ежелгі Русьте төлем ретінде ұлу қабыршағы қабылданды. Осылардың бәрі оларды беруге және алуға дайын адамдар үшін құндылығы бар заттар болды.

Мұндай ақшалар аса ыңғайлы болмағаны айқын: тез бұзылады, күтімді қажет етеді, әрқашан олардың құндылығын анықтау (яғни, саудаласу) қажет болды.



▲
Теңгенің қорғаныш бояуы



Сондықтан, адамдар жаңа, әмбебап ақша қажеттігін тез түсінді. Оларды металдан жасай бастады. Мыс және қола тиындар б.д.д.VII ғасырда пайда болды. Олар бүкіл әлем бойынша тез таралды, себебі, салмағы мен көлемі азғантай, ал құны жоғары болды. Сонымен қатар, оларды тасымалдау, сақтау, біріктіру, бөлу ыңғайлы болды. Кейінірек адамдар қымбатырақ – алтын және күміс тиындарды пайдалана бастады. Ал 910 жылы Қытайда қағаз ақша пайда болды. Тарихта алғаш рет ақшаның құндылығына мемлекет кепілдік берді – қағаз ақшаның өз бетінше құндылығы жоқ.

Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге 1993 жылы 15 қарашада пайда болды. Ол елдің тәуелсіздігінің, егемендігінің символына айналды. Теңге сөзі түрік тиындары «денге» немесе «таньга» деген атаулардан шықты, ежелгі орыс тиынының атауы «деньга» және «деньги» сөзі де осылардан бастау алады. Біздің теңгеміздің 18 қорғаныс дәрежесі, оның ішінде, түсін өзгертетін бояу, көшіруге қарсы элемент, тағы басқалар бар.

АҚШАНЫ ҰСТАЙ БІЛУДІҢ ҮШ ЕРЕЖЕСІ



1 Алдыңызға мақсат қойыңыз. Мүмкін, Сіз жаңа гаджетке немесе күшті велосипедке ақша жинағыңыз келетін шығар? Үстіңізді сәнді фирмалық киімдермен жаңартқыңыз келетін болар? Арман немесе мақсат көмектеседі – ол келесі шараларды орындауға шабыттандыратын болады. Қаржылық тәртіп кейбір шектеулерді орындауды, күш жұмсауды талап етеді, бірақ, оларды не үшін істейтінін білген адамға бұл әрекеттердің оңайға түсетіндігі анық.



2 Шығындарды есепке алыңыз және оларды азайтуға тырысыңыз. Тәжірибе өткізіп көріңіз, қашан ата-анаңыз сізге ақша бергенін есіңізге түсіріңіз. Сіз оларды нақты неге жұмсағаныңызды есіңізге түсіре аласыз ба? Егер бұл қиын болса, қалыпты ғой – ұсақ-түйек шығындарды есте сақтау оңай емес. Бірақ, егер барлық шығындарды жазып отыратын болсақ, мысалы, «метромен жүру» немесе «киноға бару» секілді, онда қайда және қанша ақша кеткенін дәл айтуға болады. Ал бұл керексіз шығындарды анықтау және оларды болашақта болдырмау үшін қажет. Шығындар есебін жүргізуге ыңғайлы, смартфонға арналған орасан қосымшалар саны Сізге көмекке келеді.



3 Арманыңызға ақша жинаңыз. Шығындарыңыздың маңыздысын анықтап, керексізін азайтқасын Сіз қалған ақшаны жөнімен жұмсауыңыз қажет. Ыңғайлылық үшін жинақ қобдишасын немесе арман конвертін арнаңыз. Тілегіңіз немесе мақсатыңыз жалғыз болмайды ғой! Егер балалық шақтан бастап өз арманыңызға ақша жинасаңыз, 25 жасқа келгенде қанша қаржы жиналатынын ойлап көріңіз? Егер үнемі жинасаңыз, әрине, алдыңызға қойған арманыңыз бен мақсатыңызды орындайсыз.

ШЫНАЙЫ ҚАЖЕТТІЛІГІҢІЗ БЕН ТІЛЕГІҢІЗДІ ҚАЛАЙ АЖЫРАТУҒА БОЛАДЫ?

Қажетті зат дегеніміз – өмір сүру үшін қажетті нәрселер. Тілеген зат дегеніміз – алғыңыз келетін нәрселер. Бірқатар қажеттілік пен тілектердің құны жоқ: ауа, таңертең немесе кешке жүгіру мүмкіндігі, бұлақтың тұщы суы, т.б. Бірақ, басқа көп нәрселер үшін ақша төлеу қажет.

ҚАЖЕТТІЛІКТІҢ МЫСАЛДАРЫ:

үй, тамақ, медицина, киім.

ҚАЖЕТТІЛІКТІҢ МЫСАЛДАРЫ:

технологиялық жаңа заттар (смартфондар, планшеттер, компьютерлер), зергерлік әшекей бұйымдар, кино, теледидар, компьютер ойындары.

Қажеттілікті қанағаттандыру қалыпты өмірді қамтамасыз етеді, әрселер үшін ақша төлеу қажет.

тілекті қанағаттандыру – бақыт сезімін сыйлайды. Әрине, өміріңіз бақытты болуы үшін қажеттілігіңіз бен тілегіңізді де қанағаттандыру маңызды. Бірақ, Сіз мұны дұрыс ретімен орындауыңыз қажет: алдымен қажеттілігіңізді, содан кейін ғана тілегіңізді. Мұны түсіну үшін өзіңізді көптен армандаған кроссовканы кигендей, бірақ, қарныңыз аш қалғандай елестетіңіз. Қарныңыз аш болғанда бақытты болу мүмкін бе?



ОЙЫН

1

Келтірілгеннің ішінде нені ақша деп санауға болады?



16 Алтын тиындар



26 Шоколад плиткасы



36 Уақыт

46 Келтірілгеннің бәрі

2

Алдыңызда ата-анаңыздың ай сайынғы қаржылық шығындары берліген. Егер барлық шығындарды 8% қысқартатын болса, олар қанша қаржы үнемдейтінін санаңыз. Ойлаңыз, мұны қалай жасауға болады?

Азық-түлік: 16 000

Жолақысы: 8 000

Кеңіл көтеруге: 27 200

Басқа заттарды сатып алуға: 15 000

16 9 920

46 5 296

26 9 296

36 5 920



3

Біз көбінесе, мүмкіндігіміз келмейтін заттарды алғымыз келеді, мысалы, жаңа гаджет немесе спорттық кроссовканы. Арман қиял болып қала бермеуі тиіс қой. Оған ақшаны қайдан табуға болады?

16 Достардан немесе ата-анаңыздан қарызға алып, жарты жыл ішінде қайтарамын деп уәде беру

46 Шығындарыңызды қысқартып, қажетті сомаға жеткенге дейін қалтаға берілетін ақшадан 15% жинап отыру

26 Қажетті сомаға сай кредит алу және 9 ай бойы, әр ай сайын 15 000 теңгеден төлеп отыру

36 Қажетті сомаға сай кредит алу және 18 ай бойы, әр ай сайын 7 000 теңгеден төлеп отыру




Ақша жинауды қалай үйренуге болады?

Ақша жинай бастайтын адам екі үлкен мәселеге жолығады. Ең маңыздысынан бастайық. **Жинап қойған ақшаны қалай шығындамауға болады?** Әсіресе, біршама қаржы жиналып қалған кезде жұмсауға қызығушылық күшейеді. Қобдишадан азғантай ғана алса, ештеңе болмай-тындай көрінеді. Бірақ, осындай бір-екі әрекеттен кейін қобдишаның ортайып қалғанын байқайсыз, осыған дейінгі ұмтылысыңыз бекер болып, мақсатыңызға жетпей қалуыңыз мүмкін. Сондықтан, күрделі ашылаын қобдишаны пайдаланған жөн. Сонда одан ақшаны алардың алдында дұрыстап ойланатын уақытыңыз болады.

Екінші мәселе – **қобдишаны қалай толтыру**. Жинақталатын қаржы ұлғайып отыруы қажет, әйтпесе, оның пайдасы не!

Біз «Сақтауыш» ойынын кеңес етеміз. Оның ережесі қарапайым: әр күні қобдишаға қандай да бір соманы, мысалы, 100 теңгені салып қою қажет. Ойланыңыз, қандай шығынды азайта аласыз? Қай жерде үнемдеуге болады? Мысалы, шоколадты саябақта сатып алмай, өзіңізбен бірге үйден алып шығу. Немесе қалаға шығуды бірнеше істеріңді бірден тындыратын етіп жоспарлау. Осы қарапайым ойын Сіздің қобдишаңызды жылына 36 500 теңгеге толықтыра алады! Әжептәуір ақша емес пе? Бұл ойын бойынша салым басқа салымдардан жеке есептелуі керек.

Ақшаны дұрыс ұстау дегеніміз, алдымен, – бұл ақша Сізге пайда келтіреді деген сөз. Егер жұмсауанық пайда әкелмейтін болса, сол ақшаны Сізге керектірек болған кезге дейін сақтай тұрыңыз. Осындай ережелер ересек өмірде де күшінде болады, бірақ, оны бүгін түсінген жанның ертеңі табысты болмақ.



4

Туған күніңізге Сіз атаңыздан 100 000 теңге сыйлық алдыңыз деп ойлап көріңіз. Алған соманы қалай жұмсар едіңіз?

- 36 Сомадан 10 % жинаймын және қарызымды қайтарамын
- 26 Барлық қаржыны қарызымды қайтаруға жұмсаймын
- 16 Салынған ақшаны екі есе көбейтемін деген досымның сөзін тыңдаймын
- 46 Менің ешқандай қарызым жоқ, сондықтан, барлық соманы жинақтау үшін қобдишаға саламын



5

Төрт адамнан тұратын отбасыңызда меншікті тұрғын үй алатын мүмкіндік пайда болды деп ойлаңыз, ал ата-анаңыз оның құнының 60% жинаған. Ата-анаңызға қандай кеңес берер едіңіз?

- 46 Қалған 40 %-на кредит алып, оны ай сайын 85 000 теңгеден, 6 жыл бойы төлеп отыру
- 36 Қалған 40 %-на кредит алып, оны ай сайын 135 000 теңгеден, 4 жыл бойы төлеп отыру
- 26 Толық сомасына жеткенге дейін ақша жинау, отбасымыз шағын, сондықтан, жалдайтын бір бөлмелі пәтер бізге шақ келеді
- 16 Меншікті тұрғын үй сатып алу сәннен қалған. Оның үстіне, мен Балиде өмір сүруді армандаймын, барлық жинағанымның өзімде болғанын қалаймын



Нәтижелер:

1–5 БАЛЛ Ысырапшыл тұтынушы. Сізге міндетті түрде өзіңіздің күнделікті шығындарыңыз туралы ойланып, мүмкіндігінше, басымдылықтарды қайта қарастыру қажет.

6–10 БАЛЛ Жауапты тұтынушы. Сіз – қанша ақша табатын болса, сонша жұмсайтын адамның тамаша үлгісі боласыз. Өкінішке қарай, бұлай арманға ақша жинай алмайсыз. Мүмкін, қаржылық сауаттылық мәселесінде өз бетіңізше оқумен айналысудың уақыты келген болар?

11–15 БАЛЛ Қаржылық менеджер. Қаржылық сауаттылықтың өте жақсы көрсеткіші. Сіз қаржылық мүмкіндігіңізді тиімді пайдалана аласыз.

16–20 БАЛЛ Инвестор. Сізге Кремний жазығы секілді жерде өмір сүрген дұрыс сияқты! Уақытыңыз бен қаржыңызды аса жаңашыл жобаларға салатын боласыз.



▲ 1820-ші жылдардың жинақ қобдишасы



▲ Израильде табылған, алтын тиын салынған, 1200 жыл бұрынғы жинақ қобдишасы



▲ Приена қаласының көне ақша жәшігі. Грекия, б.д.д. II ғ.



▲ Тюдор әулеті дәуірінің жинақ қобдишасы (XVI ғасыр)



▲ Балшықтан жасалған, ежелгі римдік дәстүрлі жинақ қобдишасы, II–III б.д.ғғ.



▲ Мәскеулік қолөнершінің жинақ «құмырасы». Ресей, XVII ғ.



▲ XVIII–XIX ғ. құнды көне жинақ қобдишасы.



▲ Маджапахит империясы кезеңінің күйдірген балшықтан жасалған жинақ қобдишалары. Ява аралы, XIV–XV ғғ.



▲ XIX ғасыр деп танылған словакиялық жинақ қобдишасы.



▲ Уэстеремде (Англияда) қуыс шақпақ тастың ішінде табылған, ішінде алтын тиындары бар, Кельт жинақ қобдишасы (б.д.д. I ғасыр).



АДАМЗАТТЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖИНАҚ ҚОБДИШАЛАРЫ ҚАНДАЙ БОЛДЫ?

Ақшаны не үшін жинайды?

Ақшаны дұрыс ұстауды білмесе, ол қанша болса да, таусыла беретін болады. Ақшаны дұрыс ұстай алмау, қолда бардың бәрін жұмсау, түбінде ересек өмірде кедейлікке апарады. Бұл – бүкіл әлемдегі көптеген адамдардың өмірінің ащы шындығы. Лотереядан миллиондаған ақша ұтқан жолы болғыштардың ешқандай жинақтау немесе салым жасамастан, ақшасын босқа шығындап, қайтадан кедейленіп қалғаны секілді көптеген жайттар кездеседі. Сондықтан, қаржы оқытушылары ақша табатын адамдарға әр ай сайын жалақысының, кемінде, 10% арнайы есеп-шотқа немесе жинақ қобдишасына салуға кеңес береді. Бақытты болашағыңызға, арманыңызға, қауіпсіздік жастықшасы секілді – өз ақшаңыздың бар болуы өміріңіздің кез келген сәтінде қор болмайтындай сенімділік сезімін сыйлайтындығы айқын.

Адамдар біршама уақыттан бері ақша жинауды білген. Жинақ қобдишаларының ежелгісі біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдан бастау алады, ол Ежелгі Элладаның аумағында иониялық Приена қаласының маңында табылған, пішіні ежелгі грек храмына ұқсайды. Алғашқы жинақ қобдишалары балшық пен гипстен жасалған. Оларда тиын салу үшін шағын саңылау қалдырған. Бұл бір-екі рет «шағын-банкке» қол салудан тежейтін болғаны сөзсіз. Кейінірек, XVIII ғасырда жинақ қобдишаларын фарфордан жасайтын болды. Материалының қымбаттығына қарамастан, толған кезде оларды да сынды-ратын болған. Кейінірек жоюдың қажеті болмайтын, көп рет қолданылатын жинақ қобдишалары жасала бастады. Ал мысалы, Ежелгі Орыс елінде ақшаны сол балшықтан жасалатын, тар мойынды, бірақ, аса кең бүйірлі құмыра секілді ыдыстарда жинайтын болды. Осы күнге дейін жинаған ақшасы туралы адамдардың «құмырада» сақталған деп айтқанын естиміз.

Сондай-ақ, жинақ қобдишасынан басқа бүгінде банкте толтырып отыратын салымды пайдалануға болады, ата-анаңыз арқылы оған жинақтаған ақшаңызды ұдайы жіберіп отыра аласыз. Кемінде, 3–6 ай бойы жинаған жөн, аса шыдамдылар ақшасын бір жыл бойы немесе одан ұзақ уақыт жинайды. Бастысы – ақшаны өзіңіз шынайы қалайтын затыңызға жинау.

Жинақ қобдишасын пайдалана отырып, Сіз балалық шақтан бастап үнемділікті, өзіңіздің бір сәттік тілек-теріңізді тежеуді, бәрін емес, ең маңызды затты сатып алуды, ақшаны бағалауды үйренесіз. Төбесіне дейін Сіздің жеке ақшаңызбен толған жинақ қобдишасын көру ұнамды көрініс емес пе! Мұны Сіздің өзіңізбен өткізген тәрбие-жұмысыңыз деп атауға болады және ол – Сіздің дамуыңыздағы үлкен қадам. 🎯



ИТ ҚАНША ТҰРАДЫ?

 **АРМАН ПИМАНОВ**

Ит деген керемет! Зерттеулер ит асыраған қожайындардың **сирек ауыратындарын**, тез жазылып кететіндерін, иммунитеттерінің күштірек болатынын көрсеткен. Иттің адамға сыйлайтын шартсыз махаббаты **күйзелісті жеңіп, рухани дағдарысты жеңуге** көмектеседі. Итіңізбен амалсыз қыдыру барысында **артық**

салмақтан құтылуға жол ашылады. Ал енді итіңізбен түскен алуан түрлі суреттердің инстаграмды қалай гүлдендіріп жіберетіні өз алдына бөлік әңгіме!

Дегенмен, мұндай үй жануарымен бір-екі апта ойнап, кейін басқа қызыққа ауысып кетуге келмейді. Егер шынымен итті болғыңыз келсе, кем дегенде **10-13 жыл бойы оған күн сайын бірнеше сағат бөлуге** дайын екеніңізді түсініңіз! Сонымен қатар, итті асырау үшін отбасылық бюджеттің әжептәуір бөлігі жұмсалатынын тағы естен шығармаңыз.

Күрделі шешім, солай емес пе? Итпен бірге өмір сүрудің қандай болатынын елестету үшін көршілеріңізден үй жануарларын ала тұруды — онымен бірге серуендеуді ұсыныңыз. (Бір-екі қыдырыстан кейін көзқарасыңыз өзгеріп қалуы мүмкін, немесе итті бослам деген қалауыңыз одан сайын күшейе түседі!). Сондай-ақ жергілікті жануарлар үйіне ерікті болып кіре аласыз. Сонымен қатар **біз ұсынған үстел ойынына** құлақ түріп, қаржыңызды және бос уақытыңызды дұрыс пайдалануды үйреніңіз.

Шындықтарыңызды айтыңыздаршы, бір рет болсын ата-аналарыңыздан ит асырайық деп өтінген кездеріңіз болды ма? Әрі оны өзіңіз серуенге алып шығып, өзіңіз күтіп-қараймын деп сөз берген боларсыз? Біз сіздің әрдайым өз сөзіңізде тұратыныңызға сенеміз. Дегенмен, сіздер иттің адамның досы ғана емес, сондай-ақ ата-аналарыңыз бен сіздерге әжептәуір шығын әкелетін қаржылық жүк екенін білесіздер ме? Күмәніңіз бар ма? Ендеше, біз дайындаған дәлелдерге назар аударыңыздар!

Сонымен, сіздің бақылауыңыздағы отбасы: анаңыз, әкеңіз және сіз, қарапайым оқушы. Ата-анаңыз екеуі де жұмыс істейді, ал сіз уақытыңыздың басым бөлігін мектепте немесе сабақ үстінде өткізесіз. Ендеше бұл теңдеуге тілалғыш және күтімдегі итті қалай енгіземіз, әрі өзіміздің күнделікті тұрмысымыз бен қаржылық орға түсіп кетпеу жағын да қарастыру керек.

Сіздерге ойын кубигі, ойыншы санына тең фишкалар (жалғыз ойнауға да болады) және қалам мен блокнот керек. Ойын қағидасы қарапайым және бәріне белгілі: кубикті лақтырып, түскен торкөздер санына қарай алға жылжытамыз. Өзіңіздің қандай торкөзге түскеніңізге қарай жағдайы бар картаны тартасыз. Ресурсты үнемдеу үшін **Егер** деген картадан **бас таруға болады**. Қалған карталарды **міндетті түрде** орындау қажет.

Ойынның екі ресурсы бар – ақша және уақыт. Ойыншы «сөре» торкөзі арқылы өткенде, ол үнемі 100 000 теңге алады және бос уақытын 150 сағатқа арттырады. Алдыңғы айналымнан қалған ақша жаңа ақшаға қосылады. Уақыт – олай емес.

Ойыншы әрдайым «Қыдыру керек» және «Қорек аламыз» торкөздерінен өткен сайын талап етілетін ресурс мөлшерін **төлеуі тиіс**. Итті жаңа командағы үйрету үшін «Командаларды жаттаймыз» торкөзінен өткенде, ойыншы бос уақытын жоғалтуы мүмкін (егер ол бар болса). Егер ресурс болмаса, торкөзден өте шығып, келесі айналымда байқап көруге болады.

Бұрыштық торкөздердің қасиеттерін көру үшін оларға «басу» міндетті емес. Жанынан өту жетіп жатыр.

Егер сіз қаржылық тепе-теңдікті және бос уақытыңызды сақтай білсеңіз (яғни минусқа кірмесеңіз), әрі **итті үш командаға үйретсеңіз** – жеңдіңіз! Ал егер қандай да бір сәтте итті ұстауға **ақшаңыз не уақытыңыз** жетпей қалса, ол итерді қарайтын арнайы орынға кетеді. *Game over.*

Егер қаласаңыз ақша және бос уақыт картасын жасауға болады. Не жай ғана кіріс пен шығысты блокнотқа жазып отырыңыз.

Орта есеппен, ірі итті, мысалы, овчарка немесе лабрадорды тамақтандыру үшін айына 30 000 теңге кетеді. Қосымша тамақтандыру, сүйек және дәрумендер бұған кірмейді!



Бұл сандардың бәрін көктен алмаймыз! Қазақстанда 2021 жылы орташа айлық жалақы шамамен 220 000 теңгені құрайды, бұл ата-анамыздың екеуін қосқанда 440 000 теңгені береді. Тағам мен тағы басқа міндетті шығындарға шамамен 300 000 кетеді. Сауатты ата-аналар кірісінің 10%-ын міндетті түрде алдын ала болжау мүмкін емес жағдайларға қалдырады – мысалы, біреуі жұмысынан шығып қалса, не қандай да бір басқа дағдарыс орын алса? Осылаша қосымша шығын үшін 100 000 теңге қалады. Дегенмен, сіздер ата-аналарыңыздан тағамға, коммуналдық қызметке және кредит төлемдеріне кететін шығынды шегергеннен кейін отбасылық бюджетте қанша ақша қалатынын сұрай аласыздар. Сонда ойынға шынайы өмірдегі соманы пайдаланасыздар.


Сіздің бір айлық бос уақытыңызды біз ұйқыға, мектепке баруға, үй тапсырмасын орындауға, ата-анаңызға үй шаруасына көмектесуге және тағы басқа ұсақ-түйек тірліктерге кететін уақыттарыңызды ескере отырып есептедік. ☺



Итпен күніне кемінде екі сағат қыдыру қажет!



Назар аударыңыз: ойын сіз иттің өзіне, қарғыбауына және тағы басқа атрибуттарға шығынданып үлгердіңіз деп есептелінген. Бұл сома иттің тұқымына, күшікті арнайы баспадан немесе иесінен алатыныңызға және тағы басқаға тікелей тәуелді.



ТОРКӨЗДЕР КАРТАСЫ

Осы бетті сканерлеп, карта қиып алып, оны үш дестеге таратыңыз.

ИТ

Нашар ауа райы! Әр қыдырыстан кейін итті жуындыру керек **10 САҒАТ**

Жоспарлы түрде ветеринарға бару **5 САҒАТ** және **4000 ТЕҢГЕ**

Ветеринар итке дәрумен тағайындады **6000 ТЕҢГЕ**

Күшікпен күнделікті ойнау керек! Уақытыңыздың **30 САҒАТЫ** кетті

Ит сымдарды кеміреді. **5000 ТЕҢГЕ** жөндеуге және **3000 ТЕҢГЕ** арнайы сүйекке

Ит ұстау туралы тамаша кітап! **10 САҒАТ**

Түлеу басталды! Күн сайынғы тарау үшін **8 САҒАТ** жұмсауға тура келеді

Обаға қарсы екпе **15000 ТЕҢГЕ**

Итті тұрақты түрде тексеріп, тістерін тазалау керек **5 САҒАТ**

Құлағын тазалау! **2 САҒАТ**

Біреулерге бит жұғыпты! **5 САҒАТ** және **3000 ТЕҢГЕ**

Тырнағын алуды ұмытпаймыз **5 САҒАТ**

Айына бір рет құрттарға қарсы дәрі беріп тұрған дұрыс **3000 ТЕҢГЕ**

Төсемі мен итаяғын үнемі жуып тұру керек **5 САҒАТ**

Пәтерді жүннен тазалаймыз **10 САҒАТ**

ОТБАСЫ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТ

Егер отбасыңызбен киноға бармақ болсаңыз **15000 ТЕҢГЕ** және **6 САҒАТ**

Жаңа қыстық күртке керек **35000 ТЕҢГЕ**

Әжеңізге әр сенбі сайын үй шаруасына көмектесуге сөз бергенсіз **20 САҒАТ**

Анаңыз ауырып қалды, сондықтан әкеңізбен оның жұмысын бөліп алдыңыздар **10 САҒАТ**

Егер досыңыздың туған күніне барғыңыз келсе **5000 ТЕҢГЕ** және **6 САҒАТ**

Егер жаңа компьютер ойын қаласаңыз **15 000 ТЕҢГЕ** және **40 САҒАТ**

Егер гитарада ойнауды үйренгіңіз келсе **35 000 ТЕҢГЕ** және **30 САҒАТ**

Тоназытқыш сынып қалды, жөндеу жұмысына **25 000 ТЕҢГЕ** беру керек болды

Атаңыз бен әжеңіз қонаққа келді, олармен бірге уақыт өткіздіңіз **8 САҒАТ**

Егер сүйікті сериалыңыздың жаңа маусымын көргіңіз келсе **15 САҒАТ**

Егер қызықты кітапты оқығыңыз келсе **10 САҒАТ**

Әкеңіз ТЖО кіруге мәжбүр болды **30 000 ТЕҢГЕ**

Ата-анаңыз достарының тойына барады **40 000 ТЕҢГЕ**

Егер демалыс күні отбасыңызбен үстел ойын ойнағыңыз келсе **20 САҒАТ**

Ата-анаңыз туған күніңізге сыйлық сатып алды **15 000 ТЕҢГЕ**

Жақында Жаңа жыл! Сыйлықтар сатып аламыз **40 000 ТЕҢГЕ**

Толық тазалық жүргізу! **10 САҒАТ**

МЕКТЕП

Егер қызықты мектепшілік үйірге барғыңыз келсе **15 САҒАТ**

Репетитор жалдауға тура келсе **40 000 ТЕҢГЕ** және **20 САҒАТ**

Егер Нұр-Сұлтанға мектеппен экскурсияға барғыңыз келсе **50 000 ТЕҢГЕ**

Жақында тоқсандық бақылау жұмысы, сізге дайындалу керек **15 САҒАТ**

Жаңа жылдық кешке костюм сатып алу керек **15 000 ТЕҢГЕ**

Мектеп іс-шараға дайындалып жатыр, сабақтан кейін қалу керек **10 САҒАТ**

Досыңыз сабағына көмектесуді өтінді **10 САҒАТ**

Рефератты басып шығару үшін принтер сатып алу керек **15 000 ТЕҢГЕ**

Сөмкеңіз жыртылып қалды, жаңасы **10 000 ТЕҢГЕ** тұрады

Сүйікті журналды оқу керек **5 САҒАТ**

Бір апта аурып жатқандықтан, өткен тақырыпты оқуға тура келеді **15 САҒАТ**

Сыныппен музейге бару **4 САҒАТ**




Кезегін күткен несие

Егер бірдеңе сатып алғыңыз келсе, бірнеше жылдар бойы ақша жинамай-ақ, бірден несиеге алуға болады. Дегенмен ата-анаңыз жаңа смартфон немесе приставка алып беруге асықпайды. Оларды да түсініп көріңіз: отбасы мүшелерінің жақсы өмір сүруі үшін несиені ойланып барып алған дұрыс.

 АРМАН ПИМАЕВ





Қарыз алу туралы шешімге келмей тұрып, мынаны ескерген жөн: несиенің ақшасы отбасына пайда әкеле ме? Әр ай сайын банкке **айлық төлем** жасау керек болады, ал бұл отбасылық бюджетке елеулі салмақ түсіруі мүмкін. Әрине, несиенің арқасында сіз жаңа смартфонға ие боласыз, алайда егер ата-анаңыздың жалақысын кешіктірсе, дене шынықтыру сабағына қажет кроссовкасыз немесе, тіпті, түскі асыз қалуыңыз мүмкін. Сіздің қарныңыз тоқ, көйлегіңіз көк болатынына кепілдік беру — олардың заңды міндеті, ендеше жоспарда жоқ нәрсені сатып алып бермеді деп өкпелеу орынсыз болар.

«Сонда маған смартфон алуға болмайды, ал әкешем несиенің машина алуға болады ғой, солай ма?». Біріншіден, бұл несиенің жалғыз ата-анаңызға емес, тұтас отбасына арналған. Өзіңіз ғана қолданатын смартфонға қарағанда, машина барлығына ортақ: ата-анаңыз жұмысқа, сауда-саттыққа барады, сіздерді мектепке жеткізеді, ал демалыс күндері отбасыңызбен жиналып табиғатқа шығуға болады. Сондай-ақ, машинаның төлемі бірнеше жылға ғана созылады, ал көлік одан да ұзақ уақыт қызмет етеді. Смартфондар болса, ертерек ескіріп қалады.

Дегенмен, қаражат үнемі мақсатқа қол жеткізе бермейді. Автомобиль қаншалықты пайдалы болғанымен, кез келген отбасының оны, тіпті, несиенің де ала алмай жатады. Қомақты шығын шығармай тұрып, отбасының қаржылық жағдайын **төлемқабілеттілік формуласы** бойынша бағалаңыз. Отбасына кіретін барлық кірісті (жалақы, жәрдемақы, зейнетақы және т.б.) қосыңыз.

Енді **ай сайынғы міндетті шығындарды** шегеріп тастаңыз (азық-түлік, коммуналды қызмет, көлік және т. б.). Қалған капитал — жинауға, күтпеген жағдайларда шығындауға немесе жай ғана жағымды сауда-саттыққа жұмсауға болатын еркін ақша. Осы ақшаны ай сайынғы төлеммен салыстырыңыз: егер ол 70 пайыздан асып кетсе, сіз қарыз алуға дайын емессіз. Әйтпесе киноға бару, кафелерде отыру және әдемі жейде көзден бұлбұл ұшады.

ОТБАСЫ БЮДЖЕТІНІҢ ТАЗА ҚАЛДЫҒЫ:

Кредит бойынша ай сайынғы төлем сомасы

< 70%

Жалпы кіріс — Жалпы шығыс

Егер сіз қайткенде де бұл несиенің отбасыңыз үшін пайдалы екеніне сенімді болсаңыз, тиімді келісімді таңдай біліңіз. Көбі **пайыздық мөлшерлемесі төмен** банктерді таңдайды, алайда бұл мән беруге тұрарлық жалғыз белгі емес. Банктер төлемге жасырын комиссияларды немесе ақылы сақтандыруларды қосып, болмаса несиенің өтінішін ұзақ уақыт қарастыруы мүмкін (ал уақыт ақша екенін ұмытпаңыздар). Несиенің бойынша маңызды сұрақтарды келесі беттерде ойын түрінде жинақтап қойдық. Отбасымен бірге ойнап, қаржылық сауатыңызды шыңдаңыз! 🎯

Несие барлық мәселені шеше алмайды!

Ол қиын сәтте көмектесуі мүмкін, әйтсе де қаржылық қиындықтарға алдын ала дайын болған дұрыс. Мысалы, ақша сақтап қойған жөн.

Несиелі кедергілер алабы

Әр кезең сайын ойыншылар кубиктер лақтырады (оны мақала соңындағы QR-код арқылы жүктеп алуға болады). Егер 1,3 немесе 5 түссе, қызыл бағандағы әрекеттерді қолданасыздар; 2,4 немесе 6 болса, жасыл бағаннан бонус аласыздар. Ең аз шығындалған ойыншы жеңімпаз атанады.

СТАРТ — ТЕЗ АРАДА ЖҮЗ МЫҢ КЕРЕК

1
2
3

1. НЕСИЕ ТАҢДАУ

4
5
6

Сіз ең бірінші кездескен банкке жүгіндіңіз. Әр ай сайын 35 000 төлейсіз.



Сіз бірнеше банктің ұсынысын салыстырып, пайыздық мөлшерлемесі тиімді банкті таңдадыңыз. Ай сайынғы төлем — 31 000.

1
2
3

2. ҚҰЖАТТАР ЖИНАУ

4
5
6

Барлық қажетті құжаттарды жинауға бір жұмыс күні кетеді. Жұмыстан өз есебіңізден демалыс алуға тура келді. Жалақыңыздан 5000 ұстап қалады.



Несиеңізді рәсімдеу үшін өтініш толтырып, жеке куәлігіңізді көрсету жеткілікті болды. Түскі ас үзілісі кезінде үлгердіңіз.

1
2
3

3. БІРІНШІ ТӨЛЕМ

4
5
6

Сіз төлем мерзімі жайлы ұмытып кеттіңіз! Бірнеше күн ішінде 1000 мөлшерінде есімақы жиналды.



Сіз ай сайынғы төлемді уақытында төледіңіз, және қалған күндерде берешек болып қалдым-ау деп уайымдамадыңыз.

АЛҒАШҚЫ АЙЛЫҚ ТӨЛЕМДІ ТӨЛЕҢІЗ

1
2
3

4. ҰСАҚ ҚАРИП

4
5
6

Сіз шартқа қол қойдыңыз, алайда банк пайыздық мөлшерлемені сіздің келісіміңізсіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады деген жолдарды байқамай қалдыңыз. Бұдан былай ай сайын 2000 көбірек төлеуге тура келеді.



Шартқа қол қойған кезде құжатты толықтай әрі мұқият оқып шықтыңыз, және ешқандай жағымсыз «тосын сыйды» аңғармадыңыз. Несиеңізді әу баста келісілген шартқа сәйкес төлеп жатырсыз.

1
2
3

5. ТЕРМИНАЛ

4
5
6

Терминалдың қасынан өтіп бара жатып, ол арқылы 5000 — ай сайынғы төлемнің жартысын төлемек болдыңыз. Чекті лақтыра салдыңыз, кейін төлем жасалмаған болып шықты. Чек болмағандықтан ештеңе дәлелдей алмадыңыз, ақыры тағы 5000 төлеуге тура келді.



Терминал арқылы айлық төлемді енгізіп жатқанда, дәл сол жерде коммуналды қызмет үшін комиссиясыз төлеуге болатынын көріп қалдыңыз. Осылайша 1000 үнемдедіңіз.

ЕКІНШІ АЙЛЫҚ ТӨЛЕМДІ ТӨЛЕҢІЗ (ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕНІҢ ӨЗГЕРІССІЗ ҚАЛҒАНЫНА КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ!)



6. ТУҒАН КҮН



Достарыңыз 10 000 сыйлады, оны несиені жабуға жұмсауға болатын еді. Алайда сіз оны түрлі ойын-сауыққа жұмсап тастадыңыз, ал үшінші айлық төлемді толықтай өз қалтаңыздан бердіңіз.



Достарыңыз 10 000 сыйлады. Сіздің әлі қарызыңыз бар, сондықтан да бұл ақшаны ойын-сауыққа жұмсай алмайтыныңызды түсінесіз. Осылайша үшінші айлық төлемнің жартысын осы ақшамен жаптыңыз.

ҮШІНШІ АЙЛЫҚ ТӨЛЕМДІ ТӨЛЕҢІЗ



7. НЕСИЕНІ ЖАБАТЫН КҮН



Сіз осы несиені жабу үшін тағы бір несиені алғаннан басқа тиімді ештеңе ойлап таппадыңыз. Шығындарыңызға ай сайынғы төлем сомасының 20 пайызын қосыңыз.



Сіз несиені сәтті жаптыңыз және банктен келесі несиені жақсартылған пайыздық мөлшерлемені алу мүмкіндігіне ие болдыңыз (мұның ойынға еш қатысы жоқ, біз жай ғана осындай мүмкіндіктің де бар екенін білсін дедік).

СОҢҒЫ ТӨЛЕМДІ ТӨЛЕП, ОЙЫН БАРЫСЫНДАҒЫ ШЫҒЫНДАРЫҢЫЗДЫ ЕСЕПТЕҢІЗ

1. _____		1. _____	
2. _____		2. _____	
3. _____	Барлығы:	3. _____	Барлығы:
4. _____	>	4. _____	>
5. _____	_____	5. _____	_____
6. _____		6. _____	
7. _____		7. _____	

Әмияндарыңыздың ЦИФРЛЫ ҚАУІПСІЗДІГІ



Анаңыздың картасындағы ақша қайда кеткен? Егер осы сұрақтың жауабын білмей, иығыңызды қиқаң еткізіп, жауап іздеп тұрған болсаңыз, бұл мақала сізге көмектесетіні сөзсіз.

Негізі, цифрлы қауіпсіздік туралы отбасындағы кішкентай балақайдан бастап, ата-әжелерге дейін білген дұрыс.

 АРМАН ПИМАЕВ

Интернет – кез келген дүниені іздеп тауып, әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдармен байланыс орнататын алаң ғана емес. Желіде алуан түрлі **қаржылық операциялар** жүріп жатыр: біздер тауарға тапсырыс беріп, коммуналды қызметтің төлемін жасап, жазылымды ресімдеп, бір шоттан екінші шотқа ақша аударамыз. Бұрындары бұл үшін арнайы банкке немесе поштаға барып, кезекке тұрып, қаптаған квитанцияларды сақтау керек болатын. Ал бүгінде смартфон экранындағы бірнеше тетікті бассақ жетіп жатыр.

Алайда бұл қызметті адал ниетті азаматтардан бөлек, **алаяқтар** да пайдаланады! Ешқандай із қалдырмастан аңқау тұтынушыны алдап соғу түкке тұрмайды – осыдан соң не есімін, не түрінің қандай екенін білмейтін ұрыны тауып көріңіз. Сондықтан, тура «ас ішер алдында қолды жуу» немесе «күніне екі рет тісті тазалау» секілді **цифрлық «гигиенаны»** сақтаған дұрыс.

КҮМӘНДІ СІЛТЕМЕЛЕРГЕ ӨТПЕҢІЗДЕР

Әсіресе, қымбат сыйлық немесе айрықша жеңілдік көрсететін сілтемелерге өтпеңіздер, оларды атақты тұлғалардың немесе абыройлы брендтердің атынан ұсынуы мүмкін. Дұрысы, осы компанияның ресми сайты тауып алыңыз: егер ол шынымен сыйлық таратып жатқан болса, ол туралы міндетті түрде бірінші парақшада жазылып тұрады. Мұқият болыңыздар! Фишинг сайттарды шынайы сайттардан ажырату өте қиын: мысалы, олар *vk.com.com* немесе *feicbook.com* секілді домендерді пайдаланады.



Не білгіңіз келеді?

Банк картаңыздың нөмірін айта қойыңыз!



«БАНКТЕН» ХАБАРЛАСҚАНДАРҒА СЕНБЕҢІЗ

Егер қоңырау шалған адам өзін банк қызметкерімін деп танытырса, сақ болыңыз: оған ешқандай артық ақпарат бермеңіз, әсіресе банк картасының нөмірі мен оның CVV-кодын айтпаңыз. Ол сіздің аты-жөніңізді біліп тұруы мүмкін — мұндай ақпаратты алу алаяқ үшін түк емес. Егер қоңырау шалған адам картаңыздан күмәнді аударылым жасалғанын жеткізіп, картаның өзіңізде екенін растау үшін СМС-кодты хабарлау керектігін айтса, бірден телефонды қойып, банкіңіздің ресми шұғыл желісіне хабарласыңыз.

ЕСТЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН, СІЗДЕРДІ НЕМЕСЕ ДОСТАРЫҢЫЗДЫ «БҰЗУ» ҚИЫН ЕМЕС

Алаяқтар басқа біреудің аккаунттарына кіріп алып, соның атынан әрекет етуі мүмкін. Егер досыңыз аяқ астынан біртүрлі сілтеме жолдаса немесе қарызға ақша сұраса, нақ соның өзімен сөйлесіп тұрғаныңызға көз жеткізіңіз. Дұрысы, оған қоңырау шалыңыз немесе екеуіңізге ғана белгілі ақпарат жайлы сұраңыз. Алдын ала құпия сөз айтуға келісіп алуға болады! Бастысы, оны интернет арқылы жазысқанда талқыламаңыздар, әйтпесе алаяқ «пароліңізді» мессенджерлер архивінен тауып алады.



БАСҚАЛАРДЫҢ КАРТАСЫН РҰҚСАТСЫЗ АЛМАҢЫЗ


Тіпті, ата-анаңыз бен досыңыздың да картасын алуға болмайды. Егер олар оны пайдалануға рұқсат бермесе — сіздің әрекетіңіз ұрлықпен тең болады. Егер сүйікті ойыныңыз үшін бонус алуды қаласаңыз, өзіңізге берілетін ақшадан үнемдеп қалуды үйреніңіз. Есесіне қаһарман үшін кезекті скиннің немесе уақытша бусттың өзіңізге қаншалықты керек екенін ойланасыз.

БАНК КАРТАСЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІН ЕШКІМГЕ ХАБАРЛАМАҢЫЗ

Сіздің картаңыз — аса маңызды және құпия құжат. Онымен байланысты ақпаратты тек сіз ғана білесіз. Картаның сыртқы жағындағы үш цифр — CVV-кодты ешкімге айтпаңыз. Оны тексеруден өткен сайт арқылы онлайн-сауда жасаған кезде ғана көрсетуге болады. Қандай жағдай болмасын, интернет-банкінгінің пин-кодын немесе паролін ешкімге жарияламаңыз. Банк жұмысшысына өзіңіз тіркелу кезінде ойлап тапқан құпия сөзді ғана айтуға болады.

АРТЫҚ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАМАҢЫЗ

Әлеуметтік желілерде мекенжайыңызды көрсетпеңіз. Қымбат заттарыңызды көрсетіп мақтанбаңыз. Көп ұзамай отбасы болып демалысқа кететіңізді көрсетпеңіз. Есіңізде болсын, фото геолокациясы сіздің нақты мекенжайыңызды көрсетіп бере алады. Сіз неғұрлым көп дерек қалдырған сайын, қаскүнемге сізге қарсы пайдаланатын ақпарат соғұрлым көп болады. Ал егер ол келесі аптада пәтеріңіздің қараусыз қалатынын түсінсе — қайтып оралғанда үйіңізден жап-жаңа плазмаңыз бен жиған-тергеніңіз жоқ болып шықса, таңқалмаңыз.



БӨТЕН АДАМДАРҒА СЕНІП ҚАЛМАҢЫЗ

Жаңа досыңыз сіз ойлағандай адам болмай шығуы мүмкін. Интернеттегі сурет пен аты-жөні мүлде маңызсыз, себебі жаңа аккаунт ашқан кезде адамның қаншалықты өз деректерін беретінін ешкім бақылап отырмайды. Сіз ол адаммен аралассаңыз да, жеке ақпараттарыңызды бермеңіз, виртуалды достарыңызды қонаққа шақырмаңыз, кездесуді тек қоғамдық орындарда тағайындап, міндетті түрде жақындарыңызға кім-мен және қай жерде кездесетініңізді хабарлаңыз.

КҮМӘНДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ОРНАТПАҢЫЗ

Play Store мен App Store-де қауіпсіз немесе тіпті пайдалы болып көрінетін зиянды қосымшалар толып жатыр. Шын мәнінде олар сіздің смартфоныңыздағы ақпаратты жинап, болмаса ойын ішіндегі сатып алушылармен алаяқтық жасайды. Міндетті түрде жаңа қосымшаның қандай рұқсат сұрап тұрғанын тексеріңіз: мысалы, «үш қатарға жина» деген секілді ойындарға камераға немесе микрофонға рұқсат алудың еш қажеті жоқ. Қосымшаның икемделуінен қандай да бір деректерді тасымалдамайтынына көз жеткізіңіз. Смартфонның жадын тазалауға көмектесетін қосымшаларды жүктемеңіз!



ҚЫСҚА НӨМІРГЕ СМС ЖОЛДАМАҢЫЗ

... кино көріп, музыка тыңдап немесе ойынды жүктеп алу үшін қысқа нөмірге sms жолдамаңыз. Бұл үшін алаяқ сайттар өте жоғары төлем алады — бұл сіздің сапалы ресурсқа ай сайын төлейтін сомаңыздан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Таныстарыңызбен келісіп алыңыз: кей онлайн-кинотеатрлар бір аккаунт шегінде бірден бірнеше құрылғыны қосуға рұқсат береді.

1234

ӨЗГЕ ҚҰРЫЛҒЫДАҒЫ ӨЗ ДЕРЕКТЕРІҢІЗДІ ӨШІРІҢІЗ

Егер біреудің немесе қоғамдық компьютерді пайдаланған болсаңыз, міндетті түрде өз аккаунтыңыздан шығыңыз — пошта, әлеуметтік желі және т.б. Браузердегі «парольді сақтау» деген белгіні алып тастаңыз. Егер солай қалдырсаңыз, сіздің барлық деректеріңіз келесі пайдаланушы үшін қолжетімді болады. 🗑️



Аздаған ТӘЖІРИБЕ!

Қандай жағдайда сайтқа немесе сұхбаттасып отырған адамға сенуге болатынын ажырата аласыз ба?

1



1111

Ешқандай тіркелусіз жақсы сапада «Қара жесір» киносын көру үшін 1111 қысқа нөміріне MOVIE кодын жолдаңыз!

2



<http://apple.com>

Macbook сатып алған жағдайда iPod-қа 20 % жеңілдік береміз!
Қалаңыздағы электроника дүкендерінен біліңіз.

3



Тимур

Сәлем! Мен Тимурмын, мен де майнкрафт ойнаймын. Сен қайда тұрасың? Жасың нешеде? Суретінді жіберші! Ертең бірге серуендеуге қалай қарайсың?

4



Анам

Жылдам арада таксиге 700 тг жібере аласың ба?

Кеше кешкі асқа не жедік?

Пицца. Жарайсың :)

5



84756476574

Сәлеметсіз бе, менің есімім Дина, мен X банкінің менеджерімін. Сіздің картаңыздан күмәнді аударылым жасалды, қазір жеке басыңызды растау үшін сізге СМС код жібереміз, соны бізге айтып жіберсеңіз.

6



<http://xthxbz.e868g9866.48694jdhgb9.45786>

Сіздің телефон операторы iPhone ұтып алу мүмкіндігін сыйлайды! Қатысу үшін сауалнаманы толтырыңыз.

7



Сіздің Банкіңіз

Сіздің картаңыздың жарамдылық мерзімі аяқталды. Картаны қайта шығару үшін жақын маңдағы банк бөлімшесіне барыңыз.

8



Белгісіз нөмір

Сәлем, бұл мен, телефоным отырып қалды. Жылдам арада осы нөмірге 2000 тг жіберші, кейін түсіндіремін.

9



Белгісіз нөмір

Банк картама жаңа дизайн жасаттым. Міне, қандай керемет:

Сіздікі қандай еді?
Суретін жіберіңізші.



Қаскүнемдердің бәрін таптыңыздар ма?
Төмендегі QR-код арқылы өтіп,
дұрыс жауаптарды біліңіз:



Жолдастар!

одан да қызықты және пайдалы ақпаратты Сіздер төмендегі QR-код бойынша өтіп, FINBOSS қаржылық сауаттылық жайындағы бейнероликтер сериясынан:



КМФ-ДЕМЕУ және

[@kmfdemeu](https://www.instagram.com/kmfdemeu)

Instagram парақшасынан біле аласыздар.

